

«Бекітемін»  
Мектеп директоры  
Жақия М.М.



**С.Көбеев атындағы ЖББМ  
жазғы мектеп алаңының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.**

1.1. Осы ереже С.Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебінде мектеп жанындағы жазғы алаңын құру және пайдалану тәртібін анықтайды.

1.2. Бұл ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Мамандандырылған лагерьлердің, күндізгі лагерьлердің, еңбек және сауықтыру лагерьлерінің ауысымын өткізу тәртібін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

1.3. Мектеп жанындағы жазғы алаң (бұдан әрі - алаң) күндізгі уақытта қалалық білім беру ұйымдарының оқушыларымен демалыс кезіндегі сауықтыру және оқу қызметінің нысаны болып табылады.

**2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР. ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ.**

2.1. Оқушылардың денсаулығын нығайту, демалыс уақытын тиімді пайдалану және олардың жалпы мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

2.1. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тез бейімделуіне барынша жағдай жасау.

**3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ.**

3.1. Мектеп жанындағы алаң С.Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебінің базасында құрылуда.

3.2. Мектеп жанындағы алаң білім бөлімі басшысының бұйрығына сәйкес, мектеп директорының бұйрығымен құрылады.

3.3. Мектеп жанындағы алаң 6-14 жас аралығындағы балаларға арналған.

3.4. Мектеп жанындағы алаң жұмыс уақыты 9:00-14:00 ге дейін болуы керек.

3.5. Мектеп жанындағы алаң топтар бойынша жұмыс істейді: 1-4 сынып оқушылары үшін 25 адамнан, 5-10 сынып оқушылары үшін 30 адамнан артық емес.

3.6. Мектеп жанындағы алаң кадрлармен қамтамасыз ету кезінде есептің барлық түрлерінде тұратын кәмелетке толмағандарды 100% қамти отырып, балалардың басқа санаттарына басымдық беріледі.

3.7. Мектеп жанындағы алаң ұйымдастыру формалары әртүрлі болуы мүмкін: еңбек, туристік-өлкетану, спорттық-сауықтыру, экологиялық-биологиялық және т.б.

3.8. Жұмыстың мазмұнын, нысандарын және әдістерін педагогикалық қызметтің келесі принциптеріне сүйене отырып, мектептің педагогикалық ұжымы анықтайды:

- оқу, тәрбие және сауықтыру жұмыстарының бірлігі;
- ұлттық және мәдени-тарихи дәстүрлерді дамыту;
- балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтары мен жас ерекшеліктерін ескеру;
- оқушылардың бастамасы мен дербестігін қолдау.

3.9. Мектеп іс-шаралар бағдарламасын, күн тәртібін, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды өз бетінше анықтайды.

3.11. Мектеп жанындағы алаңдағы жалпы басшылықты мектеп директорының бұйрығымен тағайындалған меңгерушісі жүзеге асырады.

3.12. Мектеп жанындағы алаңға педагогикалық қызметті жүзеге асыруға жоғары және орта кәсіптік білімі бар, тиісті педагогикалық ұжым үшін белгіленген біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келетін және тиісті медициналық тексеруден өткен тұлғалар жіберіледі.

#### **4. МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ АЛАҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ.**

4.1. Денсаулықты сақтау, дене шынықтыру, еңбек іс-әрекеттері мен ашық ауада іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

4.2. Мәдени шараларды ұйымдастыру.

4.3. Шығармашылық бірлестіктерде экскурсиялар, ойындар, сабақтар ұйымдастыру.

4.4. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ететін жағдай жасау.

4.5. Берілген міндеттерге сәйкес басқа да функциялар.

#### **5. МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ АЛАҢ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ.**

5.1. Қызметкерлерден, оқушылардан және олардың заңды өкілдерінен оқу орнының ішкі тәртіп ережелерін сақтауды талап ету.

#### **6. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ.**

6.1. жазғы алаң қызметі тегін көрсетіледі.

6.2. Қосымша мәдени қызметтерді қаржыландыру (кинотеатрға, театрға, мұражайларға, көрмелерге, бассейнге бару, туристік саяхаттарды ұйымдастыру және т.б.) ата-аналар қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

#### **7. ЖАУАПТЫЛАР**

7.1. Өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты директор орынбасары мен педагогикалық ұжымы жауапты болады.

7.2. Мектеп жанындағы алаң әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты.